

**«6D021300 - Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған  
Тузельбаева Диананың «Телебағдарламалардағы глуттониялық дискурс прагматикасы» тақырыбындағы диссертациялық  
жұмысына ресми рецензенттің**

**жазбаша пікірі**

**Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Қазіргі жаһандану және ақпарат тасқыны дәуірінде бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) қоғамдық сана мен дүниетанымға ықпал етудің басты құралдарының біріне айналды. Әсіресе қазақ қоғамында теледидар дискурсы ұлттық бірегейлікті сақтау әрі жаңғырту, қоғамдық пікір қалыптастыру тұрғысынан айрықша рөл атқарады. Демек, қазақ медиадискурсының қазіргі қоғамдағы қызметін, оның ұлттық болмысқа тән қырларын ғылыми тұрғыда талдау – өзекті де маңызды міндет. Аудиторияны сендіру, оған әсер етудің қуатты құралы-телебағдарламалар. Өйткені ол ықпал етудің әртүрлі спецификасын тудыру, мағынаның эксплициттік және имплициттік компоненттерін беру сияқты бірнеше факторлардың жиынтығынан тұрады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс қазіргі заманғы медиалингвистика, прагмалингвистика, дискурс теориясы, медиадискурсология және мәдениетаралық коммуникация салаларындағы басым ғылыми бағыттарға сәйкес келеді. Зерттеу бұқаралық коммуникация, медиадискурс және ұлттық-мәдени кодтарды</p>

			зерттеу мәселелерін қамтиды, бұл Қазақстан Республикасында гуманитарлық ғылымдарды дамытудың өзекті бағыттарының бірі болып табылады
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған	Диссертацияда глоттониялық теледискурс алғаш рет қазақ медиалингвистикасында дербес лингвопрагматикалық категория ретінде кешенді түрде сипатталған. Зерттеу нәтижелері дискурс теориясын, медиалингвистиканы және прагмалингвистиканы дамытуға айтарлықтай үлес қосады
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Жұмыс автордың жеке ғылыми ізденісі негізінде орындалған, мәтін құрылымы, талдау тәсілдері мен тұжырымдар дербес сипатқа ие. Плагиат белгілері анықталмаған. Ғылыми стиль талаптарына сай әрі өзіндік ерекшелігімен, стильдік белгілерімен жазылған еңбек, яғни 1) жоғары
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу өзектілігі қазіргі медиакөңістіктегі аспаздық телебағдарламалардың прагматикалық ықпалы мен ұлттық-мәдени мәнін талдау қажеттілігімен дәлелденген. Ғылыми жұмыстың өзектілігі негізделген. Негіздеме жұмыстың өн бойынан байқалады. Глоттониялық теледискурс вербалды, аудио-визуалды компоненттердің бірлігіндегі прагматикалық міндеттер жүктелетін коммуникацияның түрі болғандықтан оны дискурс аясында зерттеп, аспаздық телебағдарламалардағы вербалды және бейвербалды құралдарға лингвопрагматикалық талдау жасау барысында қол жеткізген нәтижелер жұмыстың өзектілігіне негіздеме бола алады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <b>айқындайды;</b> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу мазмұны толықтай диссертация тақырыбын ашуға бағытталған. Әр тарауда глоттониялық теледискурстың белгілі бір аспектілері жүйелі түрде талданады. Зерттеу жұмысының бірінші тарауында глоттониялық дискурстың категория ретіндегі сипаттамасы мен негізгі ерекшеліктері, тақырыптық-мағыналық блоктары, аспаздық шоуының композициялық және

		лингвистикалық ұйымдасуы сараланған. Екінші тарауда аспаздық телебағдарламалардың мультимодальді тілдік құралдары, басты коммуникативтік-прагматикалық белгісі, адресаттың қолданып отырған стратегиялары мен тактикалары, сөйлеу актілері жан-жақты қарастырылған. Үшінші тарауда аспаздық шоулардың телевизиялық үлгілері қазақ және шетел бағдарламалары негізінде салғастырылып, прагматикалық ерекшеліктері айқындалған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <b>сәйкес келеді;</b> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Қойылған мақсат пен міндеттер диссертацияның тақырыбына толық сәйкес келіп, зерттеу барысында толығымен орындалған. Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес қойған міндеттер жұмыстың өн бойында көрініс тауып, ғылыми тұжырымдары мен жаңалығынан, әрбір тараушаның соңында жасаған тұжырымдарынан, прагмалингвистикалық талдауларынан айқын көрінеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <b>толық байланысқан;</b> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімі мен құрылымы өзара логикалық байланыс түзген. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысының тұжырымы ретінде сызба мен кестелер ұсынылған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <b>сыни талдау бар;</b> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер мен қағидаттар дәлелденген және бұрыннан бар ғылыми тұжырымдармен салыстырыла талданған. Изденушінің «Көптеген авторлар «дискурсты» «мәтінге» немесе «сөйлеуге» қарағанда мағынасы кең термин ретінде бағалайды, бұл талданып отырған терминді қолдану дәстүрі кең тарағанын көрсетеді... » (17-б.); «Дискурсты түсіндірудің әртүрлі нұсқаларын талдай отырып, бұл терминді түсінудің аралас аспектілерін қамтитын және анықтаудың кешенді тәсілі ең нәтижелі деп санаймыз...» (19-б.) тәрізді тұжырымдауларынан сыни көзқарасы анық байқалады. Диссертацияда ұсынылған жаңа әдістемелік шешімдер мен

			қағидаттар нақты мысалдармен дәлелденіп, сыни тұрғыдан салыстырыла талданған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер қазақ медиалингвистикасы үшін толықтай жаңа болып табылады. Автор глоттониялық теледискурсты дербес лингвопрагматикалық феномен ретінде қарастырып, оның құрылымдық, семиотикалық және прагматикалық модельдерін ұсынады. Бұған дейін отандық ғылыми зерттеулерде аспаздық телебағдарламалар мұндай кешенді лингвистикалық талдау нысаны ретінде қарастырылмаған. Зерттеуде телебағдарламалардағы глоттониялық мазмұнның тек тілдік емес, мультимодальды табиғаты (вербалды, визуалды, аудиалды компоненттердің бірлігі) дәлелденіп, жаңа ғылыми ұстанымдар қалыптастырылған. Бұл нәтижелер дискурс теориясы мен медиалингвистика саласындағы ғылыми түсініктерді едәуір кеңейтеді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары зерттеу барысында алынған эмпирикалық және теориялық деректерге негізделген және ғылыми айналымда бұрын кездеспеген тұжырымдарды қамтиды. Автор глоттониялық теледискурстың көрермен санасына әсер ету тетіктерін ұлттық-мәдени кодтар, прагматикалық стратегиялар және сөйлеу актілері тұрғысынан жүйелеп көрсетеді. Қорытындылар қазақстандық және шетелдік аспаздық телебағдарламаларды салыстырмалы талдау нәтижесінде жасалып, олардың мәдени және коммуникативтік айырмашылықтарын ғылыми тұрғыдан негіздейді.

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b>  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қолданылған техникалық, технологиялық, басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Автор ұсынған теориялық шешімдер глуттониялық теледискурсты талдаудың жаңа моделін қалыптастырады. Бұл модель телебағдарламалардағы сөйлеу стратегиялары, тактикалар, интонациялық ерекшеліктер мен бейвербалды құралдардың кешенді ықпалын көрсетуімен ерекшеленеді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған негізгі қорытындылар сапалы ғылыми дәлелдермен негізделген. Автор зерттеу барысында дискурс-талдау, лингвопрагматикалық талдау, салыстырмалы әдіс және эксперименттік зерттеу нәтижелерін кеңінен пайдаланған. Ғылыми жұмыстағы келесі қорытындыларды атап өту маңызды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- глуттониялық дискурстың лингвистикалық категория ретіндегі ерекшелігі мен маңызы дәлелденген;</li> <li>- глуттониялық дискурстың мультимодальды ықпалға негізделетін әрі прагматикалық міндеттер жүктелетін коммуникацияның бір түрі ретіндегі жүйесі талданған;</li> <li>- қазақ шоуларында этномәдени құндылықтарға, қонақжайлылық дәстүрлеріне, ұлттық тағамдарға баса наза аударылатыны тән болса, ағылшын бағдарламалары дарашылдыққа, шығармашылыққа, жаһандық гастрономиялық үрдістерге бағытталатыны тілдік деректер арқылы сараланған.</li> </ul> <p>Зерттеу дереккөздерінің көлемділігі (қазақ және ағылшын тілдеріндегі телебағдарламалар корпусы, транскрипциялар, сауалнама нәтижелері) алынған қорытындылардың сенімділігін қамтамасыз етеді.</p>
7.		<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p>	

	<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>7.1 Ереже дәлелденді ме?  1) <b><u>дәлелденді;</u></b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді;  5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  2) <b><u>жоқ;</u></b>  3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?  1) <b><u>ия;</u></b>  2) жоқ;  3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) <b><u>кең</u></b>  4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <b><u>ия;</u></b>  2) жоқ  3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.1. Қорғауға ұсынылған барлық ережелер диссертация мәтінінде нақты деректермен, талдау нәтижелерімен және ғылыми аргументациямен толық <b>дәлелденген</b>.</p> <p>7.2. Ғылыми жұмыста келтірілген дәлелдер <b>тривиалды емес</b>.</p> <p>7.3. Зерттеу жұмысында келтірілген қағидаттар <b>жаңа</b>.</p> <p>7.4. Диссертацияның негізгі қағидаттарының қолданылу ауқымы <b>кең</b>.</p> <p>7.5. Мақалаларда <b>дәлелденген</b>. Зерттеу жұмысы бойынша Scopus халықаралық деректер қорындағы басылымдарда 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 4 мақала жарияланған. Барлық мақала диссертация тақырыбына сәйкес және жүргізілген зерттеу барысында дайындалған, қорғауға ұсынылған қағидаттар толық дәлелденген.</p> <p>Ұсынылған ережелер жалпыға белгілі немесе өздігінен түсінікті тұжырымдар емес, ғылыми жаңалығы бар, зерттеу нәтижесінде алынған авторлық пайымдаулар болып табылады.</p> <p>Ережелердің барлығы глюттониялық теледискурсты зерттеудің жаңа қырларын ашады және бұрынғы ғылыми еңбектерде қарастырылмаған мәселелерді қамтиды.</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидаты.  Дереккөздер мен ұсынылған</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:  1) <b><u>ия;</u></b>  2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қолданылған әдіснамалық негіздер нақты әрі жан-жақты сипатталған. Автор зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін әдістерді саналы түрде таңдағанын көрсетеді. Глюттониялық теледискурсты зерттеу үшін</p>

ақпараттың дәйектілігі		<p>дискурс-талдау, лингвопрагматикалық талдау, салыстырмалы әдіс, сондай-ақ эксперименттік зерттеу тәсілдері кешенді түрде қолданылған.</p> <p>Әдіснамалық бөлімде әр әдістің зерттеу барысындағы орны мен қызметі нақты айқындалып, олардың таңдалу себебі ғылыми тұрғыдан негізделген. Бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <b>ия;</b></p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу нәтижелері қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдарда кеңінен қолданылатын ғылыми әдістер негізінде алынған. Автор телебағдарламалардың бейнематериалдарын талдау барысында мультимодальды дискурс-талдау тәсілдерін пайдаланып, вербалды, визуалды және аудиалды компоненттердің өзара ықпалын кешенді түрде қарастырған. Сонымен қатар мәтіндік транскрипциялармен жұмыс жасау, деректерді жүйелеу және салыстырмалы талдау барысында компьютерлік технологиялар қолданылған. Бұл алынған нәтижелердің ғылыми дәлдігін арттырады.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <b>ия;</b></p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар мен модельдер эксперименттік зерттеулер нәтижелерімен расталған. Автор көрермендер арасында жүргізілген сауалнама мен фокус-топ зерттеулерінің нәтижелерін пайдалана отырып, глоттониялық теледискурстың прагматикалық әсерін эмпирикалық түрде дәлелдейді.</p> <p>Эксперименттік деректер теориялық тұжырымдардың шынайылығын көрсетіп, зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін күшейтеді.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b></p>	<p>Диссертацияда ұсынылған барлық маңызды тұжырымдар мен мәлімдемелер отандық және шетелдік беделді ғылыми еңбектерге жасалған сілтемелер арқылы расталған. Автор дискурс теориясы, медиалингвистика, прагмалингвистика және</p>

			<p>глюттониялық дискурс мәселелері бойынша кең көлемдегі ғылыми әдебиеттерді пайдаланған.</p> <p>Әдеби шолу зерттеу тақырыбын жан-жақты қамтып, диссертация мазмұнының теориялық негізділігін қамтамасыз етеді.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> .	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын толық ашуға жеткілікті. Әдебиеттер қатарында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, заманауи ғылыми мақалалар, дискурс теориясы мен медиалингвистика саласындағы негізгі зерттеулер қамтылған.</p> <p>Әдебиеттердің хронологиялық және тақырыптық ауқымы кең, бұл диссертацияның ғылыми деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <b>бар</b>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу медиалингвистика, прагмалингвистика және дискурс теориясы салалары үшін елеулі теориялық маңызға ие. Автор глюттониялық теледискурсты дербес лингвистикалық категория ретінде негіздеп, оның құрылымдық, прагматикалық және семиотикалық сипаттамаларын ғылыми айналымға енгізеді. Бұл қазақ тіл білімінде бұған дейін жүйелі түрде зерттелмеген бағыттың теориялық негізін қалыптастырады.</p> <p>Сонымен қатар зерттеу теледискурс прагматикасын жаңа қырынан ашып, телебағдарламалардағы вербалды және бейвербалды ықпал ету құралдарының теориялық жіктемесін ұсынады. Автордың тұжырымдары медиамәтіндерді зерттеуде қолданылатын теориялық үлгілерді кеңейтеді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында медиалингвистика, тележурналистика, коммуникация теориясы, дискурс теориясы, прагмалингвистика және лингвомәдениеттану пәндері бойынша дәрістер мен практикалық сабақтарда пайдалануға болады.</p>

			<p>Сонымен қатар жұмыс материалдары телебағдарламалар дайындау барысында жүргізушілердің сөйлеу мәдениетін жетілдіру, аудиториямен тиімді коммуникация орнату және ұлттық-мәдени мазмұнды дұрыс репрезентациялау мақсатында қолдануға жарамды. Бұл аспаздық телебағдарламалардың сапасын арттыруға мүмкіндік береді</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?  1) <b>толығымен жаңа;</b>  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстар ғылыми жаңашылдығымен және қолданбалы құндылығымен ерекшеленеді. Автор глоттониялық теледискурсты тиімді құруға бағытталған тілдік, интонациялық және бейвербалды құралдарды жүйелеу арқылы телемедиада қолдануға болатын нақты ұсыныстар жасайды.</p> <p>Бұл ұсыныстар тележурналистерге, продюсерлерге және медиакоммуникация саласының мамандарына бағытталған практикалық құрал ретінде бағаланады</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:  1) <b>жоғары;</b>  2) орташа;  3) орташадан төмен;  4) төмен.</p>	<p>Диссертация академиялық жазу талаптарына толық сәйкес келеді, академиялық жазу сапасы жоғары. Мәтін ғылыми стильде жазылған, терминологиялық бірізділік сақталған, ұғымдар нақты әрі дәл қолданылған. Зерттеу құрылымы логикалық тұрғыдан жүйелі, тараулар арасындағы мазмұндық байланыс айқын. Анықтамалар талапқа сай жүйелі жазылған.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p><i>Диссертация мазмұны бойынша ескертулер:</i>  1) Диссертациялық жұмыс қазақ тілінде орындалғандықтан, 3-тарауда кездесетін ағылшын мысалдарының қасына қазақша аудармасы қоса берілгені жөн деп санаймыз.  2) Зерттеудің ғылыми жаңалығында <i>глоттониялық теледискурстың құрылымдық, прагматикалық және семиотикалық моделі</i> ұсынылды делінген (11-б.). Ізденуші осы модельді нақтылап, әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, кесте түрінде ұсынғанда жұмыстың құндылығы арта түсер еді.</p>

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың жарияланған ғылыми мақалалары диссертация тақырыбымен тікелей байланысты және зерттеу нәтижелерін толық ашып көрсетеді. Аталған мақалалар отандық және шетелдік рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарық көрген. Мақалаларда глуттониялық дискурс, теледискурс прагматикасы, ұлттық-мәдени кодтар және медиакоммуникация мәселелері ғылыми тұрғыдан терең талданған. Бұл докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының жүйелілігін және жоғары ғылыми деңгейін көрсетеді
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Тузельбаева Диананың философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Телебағдарламалардағы глуттониялық дискурс прагматикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын аяқталған, «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес орындалған жұмыс ретінде бағалап, ізденушіге «8D021300- Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймыз.

Ресми рецензент:  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессор-зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы:

09.02.2026 ж.

